




АБАЙТАНУ



Нұрғали МАХАН

## ТӘКЕННИҢ «ЖҰМБАҚ ЖАНЫ»

Тәкен сөз жоқ, қазақ әдебиетінің елеулі құбылыстарының бірі. Әдебиеттегі жолын ақын болып бастаған Тәкен Әлімқұлов проза, сын жанрына да қалам тартты. Көзі тірісінде-ақ «Сөз зергері» атанған Тәкен, меніңше, әдебиеттегі мұратын прозаның «әулие жанры» – әңгімеден тапты. Оның «Сарыжайлау», «Қара қобыз», «Кек қаршыға», «Қараой», «Сейтек сарыны», «Телқоңыр» әңгімелері-қазақ әдебиетін шырқау биікке көтерген классикалық туындылар. Ал, бұлардың ішіндегі «Қараой» әңгімесі – шедевр!

«Қараой» – «ноқтаға басы симаған» жауынгер ақын Махамбет өмірінің ақырғы сәті, соңғы күні туралы әңгіме. Махамбет туралы біраз роман, повестер жазылды. Сол жазылған шығармалар арасында «Қараой» өзіндік сипатымен ерекше жарқырап, бірден көз тартады. Үлкен бір романның жүгін арқалап тұрған Тәкеннің «Қараой» әңгімесі – қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрын әлемдік деңгейге көтерген үлкен құбылыс! Мен кейде ойлаймын, Тәкен «Қараойдан» өзге ешнэрсе жазбаған күннің өзінде-ақ, ол бір «Қараой» әңгімесімен қазақ әдебиетінің тарихында мәнгілік қалар еді. Бірақ, бұл өз алдына бөлек тақырып.

Ал, бүгінгі сөз Тәкеннің прозалық шығармалары туралы емес. Әңгіме Тәкеннің «Жұмбак жаны» туралы болмақ. Абай шығармашылығын талдауға арналған Тәкеннің «Жұмбак жан» атты еңбегін – әдеби сын, екіншілері – трактат, ал үшінші біреулер – эссе жанрында жазылған монографиялық ғылыми еңбек деді. Менің көnlімнің діті – осы үшінши нұсқа! Себебі, монография-белгілі бір тақырыпты әр қырынан, жан-жақты зерттейтін ғылыми еңбек. Ал, эссе – философияның, эстетиканың, әдеби сынның, көркем әдебиеттің тұрақталған, қалыптасқан тұжырымдарына басқа көзқараспен жаңа қырынан қарап, өзгеше толғап, көне сокпактардан бөлек, тың болжамдармен соны пікірлерге, жаңа түйіндеулерге құрылатын жанр. Олай болса, Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбак жанының» жанрлық түрғыдан «талдап, зерделесек, онда оның эссе-монография болып шығары хақ! Абай шығармашылығы туралы қалыптасқан көзқарас пен тұжырымдарға тіpten басқаша, соны көзben қарап, ақын шығармашылығын жан-жақты ғылыми түрғыда талдай отырып, тың болжамдар айтқан Тәкен Әлімқұловтың «Жұмбак жаны» – қазақ әдебиетіндегі «Эссе-монография» жанрының негізін салды, басы болды. Тәкеннің «Жұмбак жаны» несімен ерекшеленді? Өзгешелігі неде? Аса күрделі бұл сұрақтарға бір-екі ауыз сөзben жауап бересалу мүмкін емес.